

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН ҰСТАНУ

Бұл жылдық есептің бөлімі Ұлыбританияның Қаржылық Қызмет Басқармасының ашықтық ережелеріне (FSA's Disclosure and Transparency Rules) DTR 7.2 (Корпоративтік басқару Жағдайына) сәйкес жасалынған.

Өзіндік ЖДҚ Ұлыбританияның Листингтік агенттігінің ресми тізіміне енген шетелдік компания ретінде Компания Ұлыбританияның корпоративтік басқару Жағдайын ұстануы міндетті емес. Алайда, DTR 7.2 сәйкес, Компания өзінің жылдық есебінде өзінің қазақстандық корпоративтік басқару кодексін ұстанатынын, Қазақстан Республикасы заңдылығы талап ететіндей тәжірибе ретінде пайдаланылатын корпоративтік басқару принциптерін ұстанатыны туралы ақпарат беруге міндетті.

Қаржылық есеп Кеңесі (Financial Reporting Council) – Корпоративтік басқару мәселелерін жетілдіру бойынша Ұлыбританияның тәуелсіз қадағалаушысының 2010 жылы мамыр айында Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексінің қабылдануына байланысты, 2012 жылы Компанияның корпоративтік басқару Кодексі жаңа редакцияда қабылданды, мақсат – Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексіне сәйкестендіру, әрине, кей баптарын айтпағанда. Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі мен Компанияның қазіргі корпоративтік басқару тәжірибесіндегі айырмашылықтар туралы ақпарат жылдық есептің осы бөлімінде көрсетілген.

Директорлар корпоративтік басқарудың маңыздылығын түйсінеді және Компаниядағы корпоративтік басқару стандарттарының дамуын қолдайды. Компания Қазақстан Республикасы заңдылығына сәйкес қосымша міндеттерді талап ететін корпоративтік басқару стандарттарының ережелерін ұстанады және дамытады.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

Қазақстандық корпоративтік басқару Кодексінде елдегі корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесі бар. Қазақстандық корпоративтік басқару Кодексі қазіргі бар корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибесі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі жанындағы құнды қағаздар нарығы туралы Эксперттік Кеңестің шешімімен 2002 жылдың қыркүйегінде бекітілген корпоративтік басқару принциптерін акционерлік қоғамның қалай жүзеге асыратындығы туралы Рекомендациялары негізінде жасалынған. Кодекс 2005 жылы наурызда Қазақстанның қаржыгерлер Қауымдастығының, 2005 жылы ақпан айында Эмитенттер Кеңесінің қолдауына ие болды.

Компания Қазақстандық корпоративтік басқару Кодексін өзінің корпоративтік басқару Кодексі ретінде қабылдады. 2012 жылы Компанияның корпоративтік басқару Кодексі Ұлыбританияда 2010 жылы қабылданған корпоративтік басқару Кодексіне сай жаңартылды (кейбір ережелерін айтпағанда, олар туралы ақпарат жылдық есептің осы бөлімінде көрсетілген). Компания енгізген өзгерістер ҚМГ БӨ міндеттерін орнатады, бұл Қазақстандық корпоративтік басқару Кодексіне қосымша ретінде қарастырылады. Компания бұл қосымша толықтырылған өзгерістер Компанияның корпоративтік басқаруындағы өзгерістерді қатайтады деп есептейді. ҚМГ БӨ Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексіндегі өзге де ережелерді өз назарында ұстайды әрі болашақта корпоративтік басқарудағы стандарттарды жетілдіруге ұмтылады.

Қазақстан Республикасы заңдылығына қосымша талап ретіндегі Компанияның корпоративтік басқару Кодексіндегі қосымша ережелері (қазақстандық корпоративтік басқару Кодексіне):

- Корпоративтік басқарудың қосымша принциптері енгізілген
 - Қауымдастықтың тәуелсіз жұмысы бойынша принциптері
 - Жауапкершілік принциптері
- Кей принциптер мынадай ережелермен толықтырылған:
 - Әлеуметтік саясаттың принциптері
 - Компанияның акционерлері ынтымақтастығы бойынша құрылым туралы ережелер
 - Директорлар Кеңесі төрағасы мен бас директор өкілеттіктерін бөліп қарастыру
 - Директорлар Кеңесі төрағасы міндеттерін айқындайтын ереже
 - Тәуелсіз директорлардың барынша аз болуы туралы талап
 - Тәуелсіз директорлардың «тәуелсіздігін» орнататын принциптер мен талаптарды реттейтін қосымша ережелер
 - Ақпаратқа қол жеткізу және Компания директорларының квалификациясын арттыру
 - Директорларға сыйақы төлеу ережелерін реттейтін ережелер

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

- Ішкі ақпаратты қорғау туралы Ереже
- Тәуекелді басқарудағы тиімді жүйені қамтамасыз етудегі Директорлар Кеңесінің жауапкершілігі туралы Ереже
- Төраға пен Директорлар Кеңесі мүшелерінің жұмысын бағалаудағы Ереже
- Директорлар Кеңесі мүшелерін сайлау/таңдау туралы Ереже

Компанияның қазіргі корпоративтік басқару Кодексі ҚМГ БӨ сайтында тұр.

Компания 2012 жылы қазақстандық корпоративтік басқару Кодексі ережелерін барлық аспектілер бойынша ұстанды.

Компания 2012 жылы өзіндік корпоративтік басқару Кодексі ережелерін барлық аспектілер бойынша ұстанды, тек мына жайттарды қоспағанда:

- Компанияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша директорлар Кеңесінің кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

2012 жылы қыркүйек айына дейін директорлар Кеңесі төрағасын қосқанда 8 мүшеден тұрса, оның құрамында үш тәуелсіз директор болды: Филип Дэйер, Пол Мандука және Эдвард Уолш. 2012 жылы 1 қазанда Пол Мандука директорлар Кеңесінен кетті, сөйтіп, 2012 жылдың соңына дейін жаңа тәуелсіз директор сайланған жоқ. Өйсіп, Компанияның корпоративтік басқару Кодексінің директорлар Кеңесі бойынша талабы 2012 жылдың 1 қазанынан бері ұсталынған жоқ.

- Компанияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша Директорлар Кеңесі құрған кадрлар жөніндегі Комитет директорлар Кеңесіне жаңа кандидаттар туралы акционерлердің жалпы Кеңесіне дейін, олардың шешім қабылдауынан бұрын ақпарат береді.

Кадрлар жөніндегі Комитет тәуелсіз директорлар қызметіне ұсынылғандар бойынша және сыртқы консультанттардың зерттеуіне сүйеніп тәуелсіз директорды сайлау үшін директорлар Кеңесіне талаптар дайындады. Дегенмен, ҚМГ ҰҚ тағайындаулар бойынша Комитеттің кандидаттарды таңдау критерийлеріне келіспеушілігі себебінен директорлар Кеңесі шешім қабылдаған жоқ.

ҚМГ ҰҚ тағайындаулар бойынша Комитетінің кандидатты бекітуге келіспеушілігі себебінен Компанияда қазір екі тәуелсіз директор бар. Бұл жағдай Компанияның Жарғысын бұзу, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес емес. 2006 жылы қыркүйек айында Компанияның IPO кезінде ҚМГ ҰҚ Компаниямен арадағы ынтымақтастық туралы Келісім түзді, ол бойынша, ҚМГ ҰҚ белгілі бір жағдайларды айтпағанда, «ҚМГ ҰҚ акционерлердің қандай да бір тәуелсіз директорды тағайындау немесе жұмыстан шығару бойынша қандай да бір шешімдеріне (немесе директорлар Кеңесінің қандай да бір шешімдеріне) дауыс бермейді» деп міндеттелген еді.

- Компанияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша директорлар Кеңесі Төрағасының жұмысы бағалау үшін кемінде жылына бір рет Төрағаның қатысуынсыз жиын өткізе алады, ал өзге жағдайларда қажеттілігіне орай өткізіледі.

2012 жылы тәуелсіз директорлардың төрағаның қатысуынсыз сегіз жиыны өтті. Онда мынадай мәселелер қарастырылды: Компанияның даму стратегиясы, Компанияның мажоритарлық акционерлерімен арадағы ынтымақтастық, Компанияның қаржыны басқаруы және қаржыны басқару Саясатын ұстануы, ішкі аудит пен сыртқы бақылау, мәміле мәселелері. Бұлар – директорлар Кеңесі мүшелерін таңдау, жалғастық саясаты, сақтандыру бағдарламаларын жүзеге асыруға тіреледі. Директорлар Кеңесі төрағасының жұмысын бағалауды тәуелсіз директорлар жүзеге асырған жоқ. Алайда, директорлар Кеңесінің жұмысын жыл сайын тәуелсіз кеңесші бағалап отырады.

Компанияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша директорлар Кеңесі (ішкі аудит бойынша Комитетпен бірге) кем дегенде жылына бір рет тәуекелді басқару жүйесінің тиімділігін бағамдауға міндетті.

Директорлар Кеңесінде тәуекелді бағамдайтын арнайы Комитет құрылған жоқ, бұл шаруа аудит бойынша директорлар Кеңесінің құзырына осы комитеттің жарғысы бойынша берілді. Аудит бойынша Комитеттің жұмысы туралы осы есептің 49 бетінен оқи аласыздар. 2012 жылы директорлар Кеңесінде тәуекелді басқарудың тиімді жүйесі туралы бағамдау жүргізілген жоқ. Бұған қоса, жылдық есепте тәуекел факторлары туралы ақпарат берілген.

КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ МЕН ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР

Мұнда Компанияның корпоративтік басқару Кодексі мен Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі ережелері арасындағы негізгі айырмашылықтар туралы жазылған.

- Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі ережелері бойынша жұмысқа тағайындалғаннан кейін директорлар Кеңесінің Төрағасы Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексінде көрсетілген тәуелсіздік критерийлерін қанағаттандыруы керек.

Компанияның корпоративтік басқару Кодексіне тәуелсіз директорлар бойынша ережелер қосылмаған, директорлардың пікірі бойынша, Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексінде жазылғандай немесе Компанияның корпоративтік басқару Кодексінде жазылғандай директорлар Кеңесінің төрағасы тәуелсіздік критерийін қанағаттандырмас еді. Төраға ірі акционердің өкілі.

- Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша төрағаны былай қойғанда, директорлар Кеңесінің кем дегенде жартысы, тәуелсіз директорлар болуы керек.

Бұдан өзгешелігі, Компанияның корпоративтік басқару Кодексі мен Жарғысы бойынша директорлар Кеңесінің кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлардан құралуы тиіс. Компанияның Жарғысына сәйкес, біраз негізгі мәселелер, мүдделі тараппен мәміле, ірі мәмілелер, әлеуметтік шығындарға қолдау білдіру, жер қойнауын игеру бойынша келісім-шарттарды жасау, басым тәуелсіз директорлардың келісімін қажет етеді. Компанияның Жарғысымен сайттан таныса аласыздар.

- Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша директорлар Кеңесі тәуелсіз директордың бірін аға тәуелсіз директор етіп тағайындауы тиіс.

Компанияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша қазіргі акционерлердің құрылымына байланысты директорлар Кеңесі аға тәуелсіз директорды тағайындамайды. Аға тәуелсіз директорды тағайындау талабы уақыт өткен сайын қарастырылатын болады.

- Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша атқарушы емес директорлар Басқарманың жұмысын оның алдын-ала реттелген мақсатына сәйкестігін мұқият түрде талдап, оның жұмысын қадағалап, беріліп отырған қаржылық ақпараттың толықтығына сенімді болып, сонымен қатар, тәуекел менеджменті жүйесі мен қаржылық қадағалау жүйесінің сенімді әрі тиімді екеніне сенімді болуы тиіс.

Компанияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша директорлар Кеңесінің барлық мүшесінде мынадай жауапкершілік болуы тиіс.

- Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі атқарушы емес директорлардың атқарушы директорларға қатысты сыйақы деңгейін айқындауына, мұнан өзге, тағайындау бойынша белді іс атқаруына, қажет болса, атқарушы директорларды жұмыстан босатуға, сабақтастықты жоспарлауға қатысты жауапкершілікке ие болуын көздейді.

Компанияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша атқарушы директорларға қатысты сыйақы деңгейін айқындау директорлар Кеңесінің сыйақы жөніндегі Комитетінің мойнына жүктелген. Әрі бұл Комитеттің атқарушы директорларын тағайындау және орнынан босату процесіне қатысуын қарастырады. Тәжірибе бойынша – Басқарма мүшелеріне сыйақы деңгейін айқындау және оларды қызметке тағайындау мажоритарлық акционердің ықпалымен жүзеге асады.

ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Компанияның корпоративтік басқару Кодексіне сай, директорлар Кеңесі мен Басқармаға жылдық есеп пен Компанияның қаржылық есебінің дұрыстығы бойынша жауапкершілік жүктеледі.

Ұлыбританияның Листинг агенттігінің ашықтық пен ақпаратты жариялау Ережелеріне (UKLA's Disclosure and Transparency Rules) сәйкес, директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі (46 бетті қараңыз), өзіндегі бар ақпаратқа сәйкес, мынадай жайттарды растайды:

- МСФО-ға сәйкес дайындалған қаржылық есеп Компанияның балансы мен оның еншілес компанияларының балансын бірегей топтастырып, Компанияның активтері міндеттері, қаржылық жағдайы, қаржылық-шаруашылық жұмыстары жөніндегі қорытындылары туралы таза, ашық ақпарат береді.
- Басшылықтың есебі Компанияның қаржылық-шаруашылық жұмысының қорытындысы мен қаржылық жағдайы, оның еншілес компанияларымен бірге ортақ міндеттері, сонымен қатар, негізгі тәуекелдер мен өздері кезігетін айқындалмаған жайттар туралы анық мәліметтерді қосады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2012 жылдың 31- желтоқсанына сәйкес, директорлар Кеңесі жеті мүшеден тұрады. Олар:

АТЫ-ЖӨНІ	ҚЫЗМЕТІ
Ләззат Қиынов	Директорлар Кеңесінің Төрағасы
Алик Айдарбаев	Директорлар Кеңесінің мүшесі (Бас директор)
Ержан Жанғаулов	Директорлар Кеңесінің мүшесі
Әсия Сырғабекова	Директорлар Кеңесінің мүшесі
Тимур Бимағамбетов	Директорлар Кеңесінің мүшесі
Филип Дэйер	Директорлар Кеңесінің мүшесі
Эдвард Уолш	Директорлар Кеңесінің мүшесі

2012 жылдың 27 ақпандағы акционерлердің Ортақ жиынында мынадай шешімдер қабылданды:

- Директорлар Кеңесінің мүшесі Балжанов Асқардың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Директорлар Кеңесінің мүшесі болып Қиынов Ләззат сайланды.

2012 жылдың 13 наурыздағы Директорлар кеңесінің шешімімен Қиынов Ләззат Компанияның директорлар Кеңесінің төрағасы болып сайланды.

2012 жылдың 29 мамыр айындағы акционерлердің Ортақ жиынының қорытындысына сәйкес мынадай шешімдер қабылданды:

- Директорлар Кеңесінің мүшесі Өтеғалиев Сисенғалидың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Директорлар Кеңесінің мүшесі болып Бимағамбетов Тимур сайланды.

Prudential plc компаниясының төрағасы болып сайлануына байланысты 2012 жылдың 1 қазанында тәуелсіз директор Пол Мандука директорлар Кеңесінен кетті.

Компанияның корпоративтік басқару Кодексіне сай, директорлар Кеңесі директорлардың тәуелсіздігі фактісін бекітті, әрі Филип Дэйер мен Эдвард Уолшты шешім қабылдауда тәуелсіз директорлар деп есептейді. Директорлар Кеңесі бұл директорлардың тәуелсіз шешіміне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін ешқандай жағдай болмайды деп бекітті.

БАСҚАРМА ҚҰРЫЛЫМЫ

2012 жылы Компанияның Басқармасына бас директор мен оның орынбасарларын қосқанда жоғарғы шенді басқарушылар кірді.

2012 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНА СӘЙКЕС БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІ:

АТЫ-ЖӨНІ	ЛАУАЗЫМЫ
АЙДАРБАЕВ А.С.	БАС ДИРЕКТОР ЖӘНЕ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ
НҰРСЕЙІТОВ А.А.	БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ӨНДІРІС БОЙЫНША ОРЫНБАСАРЫ
СӘУЛЕБАЙ М.О.	ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР
ФРЕЙЗЕР Б.П.	ҚАРЖЫЛЫҚ ДИРЕКТОР – ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУШЫ
ӘШІРБЕКОВА Б.С.	ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ БОЙЫНША БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

2012 жылы директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Басқарма құрамында мынадай өзгерістер орын алды:

1. 2012 жылдың 26 қаңтарында мынадай шешім шығарылды:

- Мына Басқарма мүшелерінің өкілеттігі тоқтатылды:
 - Ешманов Киікбай
 - Бекежанова Жаннета
 - Әубәкіров Асқар

-
- Бисекен Бағытқали
 - Хитуов Тарас
 - Жамауов Жұмабек
 - Мына қызметкерлерді Басқарма мүшесі ретінде сайлау туралы:
 - Нұрсейітов Абат
 - Фрейзер Бенджамин
 - Сәулебай Мәлік
 - Салимов Эльдан
 - Әшірбекова Ботагөз

2. 2012 жылдың 23 маусымында Басқарма мүшесі Мирошников Владимирдің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданды.

3. 2012 жылдың 28 қыркүйегінде Басқарма мүшесі Салимов Эльданның өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМАНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Директорлар Кеңесі, Басқарма мен Компанияның бас директоры арасындағы өкілеттікті бөлу туралы Компания Жарғысының 12, 13 бөлімдері айқындайды. Әрі қарай, директорлар Кеңесі, Басқарманың өкілеттігі мен жауапкершілігі директорлар Кеңесі туралы Ережемен және Басқарма туралы Ережемен реттеледі.

Директорлар Кеңесі акционерлер алдында Компанияның жұмысын қадағалап, тиімді басқару бойынша жауапкершілікті мойнына алады, және қабылданар шешімнің реттелген жүйесіне сәйкес іс атқарады. Компанияның саясаты мен стратегиялық даму бағыттарын айқындау, алуға болатын мұнайгаз активтері және өзге де маңызды мәселелер - Директорлар Кеңесінің маңызды функцияларына жатады.

Басқарма, өз кезегінде сол функцияларды жүзеге асыруға арналған кешенді шаруаларды дайындау, Компанияның ағымдағы операциялық жұмысы үшін жауапты. Басқарма Директорлар Кеңесі алдында Компанияның мақсаттарын жүзеге асырар жолдағы жасалынған шаруалар бойынша есеп береді.

Директорлар Кеңесі әрдайым және қажет кезде жиындарды өткізіп отырады.

2012 жылы Директорлар Кеңесі 29 жиын өткізді, оның ішінде ашық түрде 6 жиын, сырттай 21 жиын және телефон бойынша конференц-байланыс арқылы 2 жиын өткізді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесі өзге шаруалармен қоса, мынадай мәселелерді қарастырды:

- Компанияның даму стратегиясын орындауға қатысты мәселелерді қарастыру
- Компанияның бюджеттері мен бизнес-жоспарларын бекіту
- Тәуекелдерді сақтандыру бағдарламасы
- Геологиялық барлау бағдарламасы
- Акцияларды кері қайтара сатып алу бағдарламасы
- Қоршаған ортаны, денсаулықты және қауіпсіздік техникасын қорғау мәселелері
- Жер қыртысы келісім-шарттарына толықтыруларды қосу мәселелері
- ҚМГ ҰҚ еншілес компаниялары және өзге де үлестес тұлғалармен ынтымақтастық мәселелері
- Мүдделі мәмілелерді Компанияның қолдауы (директорлар Кеңесі екінші жартыжылжықта мұнаймен ішкі нарықты жабдықтау бойынша мәмілені бекітпеді. Толық ақпарат «Қаржылық жағдай және қаржылық-экономикалық жағдай қорытындылары» есебінің «ҚР ішкі нарығындағы жүзеге асыру» секциясы мен толықтырылған қаржылық есептің 23 сілтемесінде көрсетілген.)
- «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ, сонымен қатар, «Бұрғылау жұмыстары мен скважиналарға қызмет көрсету Басқармасы» ЖШС және «Технологиялық транспорт пен скважинаға қызмет көрсету Басқармасы» ЖШС секілді негізгі өндірістік бөлімшелері аясында екі еншілес ұйымды құру.
- «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ еншілес компанияларының пайдасы үшін жер қойнауын игеру құқығын беру.
- «Kazakhstan Petrochemicals Industries Inc.» ЖШС-тегі үлесті жүзеге асыру
- «Северный Карповский» жобасына серіктес тарту
- Еншілес компаниялардағы жоғарғы органдардың құзырына берілген мәселелер
- Комплаенс мәселелері, Ұлыбританиядағы жемқорлыққа қарсы заңды (UK Bribery Act) ұстану сұрақтары
- Директорлар Кеңесінің жаңа төрағасын сайлау

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

- Директорлар Кеңесінің комитеттері құрылымы мәселелері
- Басқарма мүшелерін сайлау
- Басқарма мүшелерінің лауазымдық төлемі, еңбек төлемі ережелері және сыйақы төлеуді айқындау
- Опциондық бағдарламаға сәйкес опциондарды ұсыну
- 2011 жылдың топтастырылған есебін алдын ала бекіту
- 2011 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлемінің мөлшеріне қатысты ұсыныстар енгізу
- 2011 жылғы директорлар Кеңесі мен Басқарманың жұмысы туралы есеп
- 2011 жылғы директорлар Кеңесінің жұмысын қадағалау туралы есеп
- Ішкі аудит қызметінің есебі мен жоспарларын, ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын жүзеге асыру туралы жайттарды қарастыру,
- Ішкі аудит қызметі мен ішкі аудит қызметінің кадрлық мәселелеріндегі жұмыс тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін айқындау (ПҚҚ)

2012 жылы директорлар Кеңесі мынадай құжаттарды бекітті:

- Корпоративтік басқару Кодексінің жаңа редакциядағы мәтіні (қолдау)
- Корпоративті этика Кодексі
- Еншілес ұйымдардың ішкі құжаттары мен жарғылары

Бұған қоса, директорлар Кеңесі акционерлердің жалпы жиынына Компанияның жарғысына өзгерістер енгізуді ұсынып, қарастырды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН КОМИТЕТТЕР МҮШЕЛЕРІНІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН КОМИТЕТТЕР ЖИЫНЫНА ҚАТЫСУЫ (2012)

	ДК	КПА	КПН	КПВ	КСП
2012 жылы өткізілген жиындардың саны	29	5	3	7	1
ЛӘЗЗАТ ҚИЫНОВ	22	-	1	-	-
СИСЕНҒАЛИ ӨТЕҒАЛИЕВ	5	-	-	-	-
АЛИК АЙДАРБАЕВ	29	-	3	-	1
ЕРЖАН ЖАНҒАУЛОВ	28	-	-	-	-
АСИЯ СЫРҒАБЕКОВА	29	-	-	-	-
ТИМУР БИМАҒАМБЕТОВ	19	-	-	-	-
ПОЛ МАНДУКА	23	4	2	6	-
ФИЛИП ДЭЙЕР	29	5	3	7	-
ЭДВАРД УОЛШ	29	5	3	7	1

Басқарма Компания жұмысының басшылығын жүзеге асырушы және атқарушы орган. 2012 жылы үнемі түрде және қажет болған жағдайда Компания Басқармасының 39 жиыны өтті.

2012 жылы Компанияның Басқармасы Компанияның операциялық жұмысына қатысты мынадай маңызды мәселелерді қарастырды:

- «Бұрғылау жұмыстары мен скважиналарға қызмет көрсету Басқармасы» ЖШС құруды қолдау туралы (БЖСҚКБ)
- «Технологиялық транспорт пен скважинаға қызмет көрсету Басқармасы» ЖШС құруды қолдау туралы (ТТСҚКБ)
- 2012 жылдың түзетілген бюджетін қолдау туралы
- «Қазмұнайгаз БӨ» АҚ мүліктік базасы мен мүліктік құқығы бойынша «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ құру және дамыту» инвестициялық стратегиялық жобасы туралы

-
- «ТТБжҰҚК» ЖШС құру және шаруашылық жұмысқа дайындығын қамтамасыз ету және «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ БЖБ ӨҚБ «ӨМГ» құрылымдық бөлімшесін құру
 - Компанияның ішкі жұмысын реттейтін біраз процедуралар бекітілді.

Басқарма Компанияның жұмысын қамтамасыз етудегі акционерлердің Ортақ жиналысына, директорлар Кеңесінің және Компанияның лауазымдық тұлғаларына қатысы жоқ өзге шаруалар бойынша да шешім қабылдайды.

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ

АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІ

2012 жылы бұл комитет құрамына тәуелсіз директорлар – Филип Дэйер (Комитет төрағасы) және Эдвард Уолш кірген еді. Тәуелсіз директор Пол Мандуканың өкілеттігі тоқтатылуына байланысты 2012 жылдың 1 қазанынан бастап Комитеті төрағасы Филип Дэйер. Комитетке сайлау мерзімі үш жыл, директорлар Кеңесінің шешімімен екі рет үш жылға сайлана алады, ол үшін аудит Комитетінің мүшелері тәуелсіз болып қалуы тиіс.

ЖИЫНДАР САНЫ

2012 жылы аудит Комитеті 5 жиын өткізді. Комитет төрағасы комитеті жиынының өту мерзімі туралы шешім қабылдайды. Жиындар саны комитет міндетінің орындалу талабына сәйкес айқындалады. Мұнымен қоса жылына кем дегенде төрт жиын өтуі керек, әрі ол Компанияның аудитінің өтуі мен қаржылық есебінің дайындалуындағы негізгі даталарымен сәйкес келуі тиіс (ішкі және сыртқы аудиторлардың аудиторлық жоспарлары және аралық қаржылық есеп дайын болып қалған кезде және алдын-ала мәлімдемелер мен жылдық есеп дайын болған кезде).

АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МЕН МІНДЕТІ

Аудит Комитеті басқа шаруалармен қатар, Компанияның қаржылық ақпаратына ие барлық есепке, тәуекелді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесіне, және Компания аудиторларының осы процеске қатысуы туралы мониторингке жауапты. Ол сонымен қатар Компанияның ішкі аудит қызметінен ақпарат алады, ол өз кезегінде Компанияның ішкі бақылауы процедураларының орындалу барысын қадағалайды. Комитет заңдылық талаптарын ұстану, Ұлыбританияның Листинг агенттігі (UKLA) мен Қазақстан Қор биржасы (KASE) ұстанатын бухгалтерлік стандарттар, ішкі бақылаудың тиімді жұмысын қамтамасыз ету секілді мәселелермен айналысады. Директорлар Кеңесі қаржылық есептің алдын ала қолдауына да жауап береді.

Аудит Комитеті иеленген немесе иеліктен шығарылған ірі мәмілелерді үнемі тексеріп отырады және директорлар Кеңесі аудит Комитетінен сұрауы ықтимал кез келген мәселені қарастырады.

Жыл сайын акционерлердің Ортақ жиынында Комитет төрағасы директорлар Кеңесі төрағасы арқылы аудит Комитетінің есебін жариялайды және аудит Комитетіне қатысты мәселелер туралы жауап береді.

АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ 2012 ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

- Қаржылық есеп
 - ҚЕХС сәйкес қаржылық есепті дайындау мәселелерін қарастыру
 - Қазақстан және Лондон Қор биржасында мәлімделетін тоқсандық және жылдық есептерді бекіту
 - Қаржылық есеп бойынша баспасөз мәлімдемелері мен қаржылық-есеп жұмысы туралы қаржылық есепті қолдау
- Ішкі есеп
 - Ішкі аудит қызметінің жұмысының жопарын қарастырып, қолдау
 - Ішкі аудит қызметінің кадрлық мәселелері
 - Ішкі аудит тиімділігін бағамдау
- Компанияның әлеуметтік шығындары
- Компанияның қаржысының қимылын бағдарлау
- Қаржыны басқару Саясатын ұстану
- Комплаенс
 - Корпоративті этика Кодексін қарастыру
 - Корпоративтік басқару Кодексінің жаңа редакциядағы жобасын қарастыру
 - Жемқорлыққа қарсы Саясат жобасын қарастыру
 - Ақпараттық бастама Саясатының жобасын қарастыру
 - Ұлыбританияның жемқорлыққа қарсы заңы (UK Bribery Act) талаптарын ұстану мәселелерін қарастыру

СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТЕІҢ МҮШЕЛЕРІ

2012 жылы бұл комитет құрамына тек ғана тәуелсіз директорлар кірді. Филип Дэйер (Комитет төрағасы), Пол Мандука (2012 жылдың 1 қазанына дейін) және Эдвард Уолш Комитет мүшелері болды. Комитет мүшесі болу мерзімі олардың директорлар Кеңесі мүшелері болу өкілеттігі мерзіміне сай.

СЫЙАҚЫ КОМИТЕТІНІҢ МІНДЕТІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Сыйақы Комитеті директорлар Кеңесі мүшелері, бас директор, Басқарма мүшелері, Компанияның өзге де қызметкерлерінің сыйақы жүйесінің мониторингін жауапты, оның ішінде және өзге компаниялардағы сыйақы саясатын салыстырып талдаумен айналысады.

Сыйақы Комитеті директорлар Кеңесі мүшелері, бас директор, Басқарма мүшелері, Компанияның өзге де қызметкерлеріне төленер сыйақы мен компенсация көлемі мен ережесін айқындау критерийлері мен принциптері туралы ұсыныстарды дайындап оны директорлар Кеңесіне ұсынуға жауапты. Сонымен қатар Компанияның опциондық жоспарлары ережелері мен Компанияның қызметкерлері мен басшыларына ұзақмерзімдік уәждеме бағдарламаларын мақұлдайды.

Сыйақы Комитеті Компанияның сыйақы туралы мақұлданған Саясаты мен Компаниядағы сыйақы жүйесі, Компанияның даму стратегиясы, оның қаржылық жағдайы, және еңбек нарығындағы жағдайды бақылап отырады.

Сыйақы бойынша Комитет Қазақстан Республикасы заңдылығы, Компанияның Листингтік ережесі мен ішкі құжаттары талабына сай Компанияның директорлар Кеңесі мен Басқарма мүшелеріне төленер сыйақы мен компенсация туралы мәліметтің бұрыс бағытта таратылмауын қамтамасыз етуге қадағалау жасайды.

Мұнан басқа, Сыйақы бойынша Комитет Компанияның директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен тәртібі туралы акционерлердің жалпы жиыны шешімдерінің орындалуына бақылау жасайды.

Сыйақы бойынша Комитет директорлар Кеңесі алдында өз жұмысы туралы есеп береді, әрі Сыйақы бойынша Комитеттің Ережелерін Комитеттің қалай жүзеге асыратындығы туралы жыл сайын талдау жасап, ол ақпаратты директорлар Кеңесіне береді.

СЫЙАҚЫ БОЙЫНША КОМИТЕТТІҢ 2012 ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2012 жылы Сыйақы бойынша комитет 7 жиын өткізді. Комитет жиындары қажет кезде өткізіліп отырады, бірақ, ең аз дегенде алты айда бір рет өткізіледі. Жиын комитет төрағасы, комитет мүшесі немесе директорлар Кеңесі шешімімен шақырылады.

2012 жылы Сыйақы бойынша комитет мынадай мәселелерді қарастырды

- Басқарма мүшелерінің еңбек төлемі және сыйақы ережелері мен лауазымдық еңбекақыларын айқындау
- Опциондық бағдарламаға қатысты мәселелер
- Қызметкерлерге уәждеме жасау жүйесіне ету мәселелерін қарастыру

Төмендегі кестеде 2012 жылдың 31 желтоқсан айында аяқталатын бір жыл көлемінде тәуелсіз директорларға төленген сыйақының жалпы көлемі көрсетілген:

АТЫ-ЖӨНІ	ЖЫЛДЫҚ 000 \$ US	ЖЕКЕ ТЕЛЕФОН-ВИ- ҚАТЫСУЫ 000 \$ US	ДЕО ҚАТЫСУ 000 \$ US	ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР- ЛАРДЫҢ ЖИЫНДАРЫ 000 \$ US	КОМИТЕТ БАСҚАРУЫ 000 \$ US	ЖАЛПЫ 2012 (САЛЫҚТЫ АЛЫП ТА- СТАҒАНДА) 000 \$ US	ЖАЛПЫ 2012 (НАЛЫҚТЫ ҚОСҚАНДА) 000 KZT
ПОЛ МАНДУКА	112,5	50	10	15	18,7	206,2	34 126
ЭДВАРД УОЛШ	150	60	15	22,5	15	262,5	43 562
ФИЛИП ДЭЙЕР	150	60	15	22,5	15	262,5	43 562
ЖАЛПЫ	412,5	170	40	60	48,7	731,2	121 250

Директорлар Кеңесінің өзге мүшелері директорлар Кеңесінің мүшесі ретінде мұндай сыйақы алмайды, алайда, осы қызметке тағайындалуына байланысты шығындардың өтелу құқықтарына ие.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

2012 жылы тағайындаулар бойынша комитет құрамына Алик Айдарбаев (Комитет төрағасы 2012 жылдың 26 маусымына дейін), Ләззат Қиынов (26 маусымнан бастап), Эдвард Уолш (Комитет төрағасы қызметін атқарушы), Пол Мандука (2012 жылдың 1 қазанына дейін) және Филип Дэйер кірді.

Комитеттің негізгі мақсаты Компания органдарына қызметке адам алар кезде директорлар Кеңесінің жұмыс сапасын және тиімділігін арттыру, сонымен қатар, Компанияның лауазымды тұлғаларын өзгертер кезде сабақтастықты қамтамасыз ету, директорлар Кеңесі, Басқарма мүшелері, Компанияның корпоративті хатшысы мүшелігіне кандидаттар таңдар кездегі критерийлерді жасау.

Тағайындаулар бойынша комитет директорлар Кеңесі мен Басқарма құрамындағы өзгерістер, корпоративті хатшы қызметіне тағайындау және өкілеттікті тоқтату, зейнет жасына шығуына байланысты қосымша директорлар тағайындау немесе өзгерту секілді мәселелерді қарастырады.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР БОЙЫНША КОМИТЕТТІҢ 2012 ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2012 жылы комитет 3 жиын өткізді, оның ішінде мынадай мәселелер қарастырылды:

- Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат таңдауға компанияны жұмылдыру
- Қоғамның тәуелсіз директоры қызметіне кандидатқа критерий анықтау
- Тәуелсіз директор лауазымына сайлау үшін кандидатураны директорлар Кеңесіне ұсыну
- Директорлар кеңесіне директорлар Кеңесі комитеттерінің құрамы туралы ұсыныстар беру
- Басқарма мүшелерін сайлау туралы ұсыныстар

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ

2012 жылы стратегиялық жоспарлау Комитетіне Эдвард Уолш (Комитет төрағасы), Алик Айдарбаев (2013 жылдың 18 қаңтарына дейін), Тимур Бимағамбетов және Филип Дэйер (2012 жылдың 26 маусымына дейін) кірді.

Комитеттің негізгі мақсаты Компанияның директорлар Кеңесіне Компанияның даму стратегиясы мен оның басым бағыттарына қатысты мәселелерді айқындау үшін ұсыныстар дайындап, беру.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІНІҢ 2012 ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2012 жылы комитет бір жиын өткізді, онда мынадай мәселелер қарастырылды:

- Компанияның қазіргі даму стратегиясына қатысты мәселелер
- Геологиялық барлау Бағдарламасы
- Бизнесі дамыту, сатып алу бағдарламасы
- Өндіру жоспарының орындалу мәселесі және оны шешу
- «Өзенмұнайгаз» АҚ пен «Ембімұнайгаз» АҚ арасындағы ынтымақтастық жүйесі

Сол жиын кезінде Комитет ҚМГ ҰК стратегиясының қарастырылып жатқанын және Компанияның стратегиясын ҚМГ ҰК стратегиясының қорытындылары алынғанша қоя тұру керектігі туралы ақпарат алды. ҚМГ ҰК өз стратегиясының көшірмесін комитет мүшелеріне 2013 жылдың қаңтар айында берді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҮЛЕСІ

Директорлар кеңесі мүшелерінің үлесі Компанияның жәй, артықшылықты акциялары мен ЖДҚ үлесі, ақпаратты директорлар Кеңесі мүшелері 2012 жылдың 31 желтоқсанында берді.

АТЫ-ЖӨНІ	ЖАЙ АКЦИЯЛАР САНЫ	ЖДҚ САНЫ	АРТЫҚШЫЛЫҚҚА ИЕ АКЦИЯЛАР САНЫ
ФИЛИП ДЭЙЕР	-	6 828	-
ЭДВАРД УОЛШ	-	-	-

НЕГІЗІ АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ЖДҚ ҰСТАНУШЫЛАРЫ

Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес төменде Компанияның құнды қағаздарын иемденушілер кестесі көрсетілген, 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша олар акцияның иемденушілері, саны туралы хабарлап тұрулары тиіс. Бұл талаптар ЖДҚ иемденушілеріне қатысы жоқ, алайда, Компания 2009 жылдың 30 қыркүйек айындағы ақпарат бойынша Қытай Халық Республикасының мемлекеттік инвестициялық Қоры China Investment Corporation (CIC) Компанияның 11 % акциясына сай ЖДҚ иемденгенін хабарлағанын айту керек деп есептейді.

АКЦИОНЕР	ЖӘЙ АКЦИЯЛАР САНЫ	АРТЫҚШЫЛЫҚҚА ИЕ АКЦИЯЛАР САНЫ	БАРЛЫҚ ОРТАҒА САЛЫНҒАН АКЦИЯЛАР САНЫ
----------	-------------------	-------------------------------	--------------------------------------

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

АЙНАЛЫМҒА ШЫҒАРЫЛҒАН АКЦИЯЛАР САНЫ	70 220 935	4 136 107	74 357 042
«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ ИЕЛІГІНДЕГІ АКЦИЯЛАР	43 087 006	-	43 087 006
АЙНАЛЫМҒА ШЫҒАРЫЛҒАН АКЦИОНЕРЛІК КА- ПИТАЛДАН ТҮСЕР ПАЙЫЗ	61,36%	0,00%	57,95%

ДИРЕКТОРЛАР КЕЛІСІМДЕРІ, ДИРЕКТОРЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ХАТТАР МЕН БАСҚАРМА МҮШЕ- ЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК КЕЛІСІМДЕРІ

ДИРЕКТОРЛАРМЕН КЕЛІСІМДЕР

- Асқар Балжановтың директорлар Кеңесі мүшесі ретіндегі өкілеттігі 2012 жылдың 27 ақпанында мерзімінен бұрын тоқтатылды.
- Ләззат Қиынов директорлар Кеңесі мүшесі болып 2012 жылы 27 ақпанда сайланды.
- Сисенғали Өтеғалиевтің директорлар Кеңесі мүшесі ретіндегі өкілеттігі 2012 жылдың 29 мамырында мерзімінен бұрын тоқтатылды.
- Тимур Бимағамбетов директорлар Кеңесінің мүшесі болып 2012 жылдың 29 мамырында сайланды.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК КЕЛІСІМДЕРІ

Басқарманың барлық мүшелері Компаниямен еңбек келісімдерін жасады, оған сәйкес, олар Компанияның ішкі ережелеріне сәйкес сапар кезіндегі жазатайым оқиғадан сақтандырылып, іс-сапар кезіндегі шығындары өтеледі.

Осылардан өзге директорлар кеңесі немесе Басқарма мүшелерімен Компания басқа ешқандай еңбек келісімдерін жасамаған және жасалады деген жоспар жоқ.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ

Компанияда ішкі бақылау және тәуекелді басқарудың жүйесі жұмыс істейді. Жүйе акционерлердің Компанияға салған акцияларын сақтай отырып, Компанияның өз бизнес мақсаттарына жету жолындағы айтарлықтай тәуекелді басқару мен оны бағамдау, айқындау мақсатымен жасалынған. Жүйе Лондон қор биржасы листингі мен Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі ережелерінің талабын ескере отырып, және сенімді халықаралық әдістеменің негізінде жасалынған. Компанияның ішкі бақылау жүйесінің негізгі элементтері мынадай бөліктерден тұрады:

- Қаржылық, операциялық, әкімшілік саясат, қаржыны басқару саясаты және өзге де процедуралардан тұратын Компанияның ішкі құжаттары,
- Компанияның қауіпсіздік техника талаптарын ұстануға қатысты операциялық, қаржылық жұмысқа үнемі мониторинг жасау.

Компанияның ішкі аудит қызметі директорлар Кеңесіне Компанияның ішкі бақылау жүйесі қаншалықты құрылған және қаншалықты тиімді деген сауалға қатысты шынайы ақпаратты береді. Ішкі аудит қызметі өз жұмысы барысында компанияның ең маңызды салаларына барынша көңіл аударатын тәуекел қадамдарын пайдаланады, бұл сонымен қатар, Компанияның корпоративтік басқару сапасын және жалпы тиімділігін көтеруге көмектеседі.

Ішкі аудит қызметі басшылықтың ұсыныстарының орындалу барысын қадағалап, сол бойынша аудит жөніндегі Комитет пен директорлар Кеңесіне есеп береді.

Тәуекелді басқару бойынша Басқарма тәуекелді басқару Комитетін құрды, ол туралы толық ақпарат төменде көрсетілген.

ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Тәуекелді басқару бойынша Комитет Басқарма аясында құрылды.

Комитеттің негізгі мақсаты Компаниядағы тәуекелді басқару мәселелерін тез қарастыру, тәуекелді басқару бойынша шешім қабылдауда Басқармаға ұсыныстар даярлау, тәуекелді басқару жүйесінің тиімділігіне мониторинг жасау, Компанияның өз стратегиялық мақсаттарын орындау, бизнес-процестердің тиімділік деңгейін арттырудағы тәуекелді басқару жүйесін жетілдіру бойынша жүйелік құрылымға ұсыныстар дайындау.

Компанияның тәуекел профилі бойынша жалпы ақпаратты «Тәуекелдер факторлары» бөлімінің 72 бетінен таба аласыздар.

ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ САЛЫҚ ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Төмендегі шолу осы құжаттың Ұлыбританияның заңдылығына және Ұлыбританияның кеден және салық жинаудағы тәжірбиесіне сай құрылған, бұлардың әрқайсысы өзгеруі мүмкін және қосымша күшке ие болуы мүмкін. Егер өзге сілтемелер болмаса, бұл шолу Ұлыбританияның салық жинауындағы кей жайттарды қамтып, тек ЖДҚ мен акцияның бенефициарлық иеленушілеріне ғана әсерін тигізеді, өйткені, (1) салық бойынша Ұлыбританияның резиденті, (2) өзге басқа юрисдикция бойынша салық тұрғысынан резидент емес және (3) акция немесе ЖДҚ иемденуге қатысты (Ұлыбританиялық акция Иегері), Қазақстан Республикасында тұрғылықты мекемесі жоқ.

Бұған қоса, бұл шолуда Ұлыбританиялық акция Иегеріне қатысты салық салдары қарастырылады, олар негізгі капитал ретінде акция және мынадай топқа қатысы бар салықтық салдар қарастырылмайды – ЖДҚ-ға ие және Ұлыбританиялық акция Иегері категориясына қатысы болуы ықтимал дилерлерге, (2) Ұлыбританиялық акция Иегері тікелей және жанама түрде компанияның дауысқа ие акцияларының 10 немесе онан да көп пайызын қадағаламауына болады; (3) ЖДҚ иемденушісінің осындай акциялар бойынша дивиденд және негізгі акцияларға бенефициарлық құқығы болуы мүмкін. (4) Ұлыбританиялық акция Иегеріне қатысты салықтық салдар қарастырылмайды, егер де олар сақтандыру компаниясы, инвестициялық компаниялар мен зейнетақы қорларының атынан жұмыс істейтін болса.

Бұл шолу негізінен қаперге алынуы керек және Ұлыбританиялық акция Иегері оны заң және салық мәселелері бойынша кеңес ретінде қабылдамауы тиіс. Тиісінше, инвесторлар жалпы салықтық салдар бойынша, оның ішінде акцияны немесе ЖДҚ-ны сатып алу, иемдену, иеліктен шығару мәселелерін Ұлыбританияның заңдылықтарын және Ұлыбританияның салық және кеден бойынша Мемлекеттік Басқарма тәжірбиесіне сай болуы үшін өздерінің салықтық кеңесшілерінен кеңес алуы тиіс.

ТӨЛЕМ КӨЗІНЕН АЛЫНАТЫН ТАБЫС САЛЫҒЫ

ЖДҚ-ден алынатын табыс Ұлыбританиядан емес болған жағдайда бұл табыстан Ұлыбританияда салық алынбайды. Акциялар бойынша дивиденд төлер кезде Ұлыбританиядағы төлем көзінен салық алынбайды.

ДИВИДЕНДТЕРГЕ САЛЫҚ САЛУ

Ұлыбританиялық акция Иегері ЖДҚ немесе акциядан дивиденд алатын болса ол Ұлыбританияның корпоративті немесе табыстан алынар салығын төлеуі мүмкін (жағдайға байланысты) ол сома қазақстандық салықты шегеруге дейінгі төлемнен алынған дивидендтің жалпы сомасы, егер де қазақстандық салықтың есепке алынған сомасы бар болған жағдайда. Ұлыбританиялық акция Иегері – Ұлыбританияда тұратын және сол елдің резиденті болып отырған жеке тұлға. Ол Ұлыбританияның табыстан алынар салығын акция немесе ЖДҚ бойынша төленген дивиденд есебінен төлейді. Және кері қайтарылмайтын салықтық несие алу құқығына ие. Бұл алынған дивидендтің оннан біріне тең.

Ұлыбританиялық акция Иегері – Ұлыбританияда тұрмайтын, бірақ сол елдің резидент болып отырған жеке тұлға. Ол қаржы аударымы аясында акция немесе ЖДҚ бойынша төленген дивиденд есебінен немесе Ұлыбританияға аударылған дивиденд есебінен Ұлыбританияның табыстан алынар салығын төлеуді қалайды және соған құқығы бар. Ол кері қайтарылмайтын салықтық несие алу құқығына ие. Бұл алынған дивидендтің тоғыздан біріне тең. Ұлыбританиялық акция Иегері – тек егер ол оған салықтан жалтарған деген тәртіптің аясында болмаса, салық төлеу бойынша Ұлыбританияның резидент-компаниясы, акция немесе ЖДҚ бойынша төленген дивиденд есебінен корпоративті салық төлемейді.

ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ НЕМЕСЕ ШАРТТЫ ТҮРДЕ ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕГІ САЛЫҚТАН БОСАУ

Ұлыбританиялық акция Иегерінің акция немесе ЖДҚ бойынша үлесінің иелігінен шығару кезінде табыстан алынар салық төленеді немесе Ұлыбританиядағы кірістен түсер салықты шегеруге рұқсат берілуі мүмкін. Бұл Ұлыбританиялық акция Иегерінің салықтан босатылу жағдайына қатысты. Ұлыбританиялық акция Иегері – Ұлыбританияда тұратын және сол елдің резидент болып отырған жеке тұлғасы болса, акция немесе ЖДҚ бойынша үлесінің иелігінен шығару кезінде капиталдың өсімі үшін Ұлыбританияға кірістен түсер табысынан салық төлеуге міндетті. Ұлыбританиялық акция Иегері – Ұлыбританияда тұрмайтын, бірақ сол елдің резиденті болып отырған жеке тұлға, қаржы аударымы аясында Ұлыбританияның табыстан алынар салығын төлеуді қалайтын және соған құқығы бар тұлға акция немесе ЖДҚ бойынша үлесінің иелігінен шығару кезінде капиталдың өсімі үшін Ұлыбританияға кірістен түсер табысынан салық төлеуге міндетті. Дәлірегіңде, Лондон қор биржасындағы ЖДҚ мен жасалынған мәмілелер кірісті көрсетуге алып келеді, ал ол Ұлыбританияда капиталдың өсімі деген атпен салық төлетуге міндеттейді.

Жеке тұлға – акция немесе ЖДҚ иегері болса әрі, салық мәселелері бойынша соңғы бес жыл бойында резидент емес, әрі Ұлыбританияда тұрмайтын болса, және осы уақыт аралығында акция мен ЖДҚ иелігінен шығар болса, онда Ұлыбританияға қайтар кезде ол Ұлыбританияда капиталдың өсімі деген атпен салық төлетуге міндетті. Оның иеліктен шығар кезде Ұлыбританияда тұрмағаны және резидент болмағаны маңызға алынбайды.

Ұлыбританиялық акция Иегері, заңды тұлға болса, ол акция мен ЖДҚ-мен жұмыс істеген кез келген кіріс үшін Ұлыбританияда корпоративті салықты төлейді.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІРІС КӨЗІНЕН АЛЫНАТЫН САЛЫҚ

Акция мен ЖДҚ дивиденд төлеміне Қазақстанда кіріс көзінен алынар салық бар. Ұлыбританиялық акция Иегері – жеке тұлға-резиденттің қазақстандық кірістен түсер салықтан шегерілу құқығы болуы керек, ол үшін дәл осындай төлем Ұлыбританияның табысқа салынар салығына жіберілген болса. Ұлыбританиялық акция Иегері Ұлыбританияның резидент-компаниясы болса, ол төленген дивиденд бойынша корпоративті салық төлемейді. Және қазақстандық салық органдарынан осы салықты шегеру туралы талап қоя алмайды.

ЕЛТАҢБАЛЫҚ АЛЫМ НЕМЕСЕ ЕЛТАҢБАЛЫҚ АЛЫМҒА САЙ САЛЫҚ («ЕАССБ»)

Егер де бір немесе бірнеше акцияны немесе ЖДҚ-ды аударатын келісімі бар мәмілені жасаған құжат (i) Ұлыбританияда қол қойылмаса немесе (ii) Ұлыбританиядағы меншікке қатысы болмаса, Ұлыбританияда жасалынбаған немесе жасалынып

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

жатқан іс-қимыл болмаса, (Ұлыбританиядағы банк шоттары төлеміне қатысын қосқанда), онда бұл құжаттан көрсетілген құн бойынша елтаңбалық алым алынбайды.

Егер де тіпті бір немесе бірнеше акцияны немесе ЖДҚ-ды аударатын келісімі бар мәмілені жасаған құжат (i) Ұлыбританияда қол қойылса немесе (ii) Ұлыбританиядағы меншікке қатысы болса, Ұлыбританияда жасалынған немесе жасалынып жатқан іс-қимыл болса, бұл құжаттан, тәжірбие бойынша, көрсетілген құн бойынша елтаңбалық алым алынбайды. Егер елтаңбалық алымды төлету қажеттілігі туған жағдайда, пайыз бен айыппұлды төлету мүмкіндігі бар.

ЖДҚ – құны фунт-стерлингте көрсетілмеген құнды қағаз қатарына енгізілгені үшін «мәлімдеуші құжат» елтаңбалық алымы ЖДҚ шығарылымына да, ЖДҚ арқылы берілетін құнды қағаздар беру кезінде де төленбейді.

Егер де акциялар (i) Ұлыбританияда орналасқан реестрде тіркелмесе, немесе (ii) Ұлыбританияда тіркелген немесе шыққан компанияның акцияларымен біріктірілмесе, онда акцияларды беру келісімі немесе ЖДҚ елтаңбалық алымға сай салықты төлемейді.